

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 маусымдағы N 421-II Заңы

Астанада 2001 жылғы 12 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуды ниет ете отырып, төмендегілерге келісті:

1 - б а п

Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2 - б а п

Келісім қолданылатын салықтар

1. Осы Келісім, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті өкімет органдарының атынан алатын табысқа салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қ а р а м а с т а н қ о л д а н ы л а д ы .

2. Табысқа салынатын салықтар деп жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсуінен алынатын салықтарды қоса, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен алынатын барлық салықтың түрі есептеледі.

3. Осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар, атап айтқанда, мыналар болып т а б ы л а д ы :

а) Қ а з а қ с т а н д а :

- (i) заңды тұлғалардың табысына салынатын салық;
 - (ii) жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;
- (бұдан әрі - "Қазақстан салығы" деп аталады);

b) Қ ы т а й д а :

- (i) жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
 - (ii) шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындардан және шетелдік кәсіпорындардан алынатын табыс салығы;
- (бұдан әрі - "Қытай салығы" деп аталады).

4. Осы Келісім, сондай-ақ Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез келген ұқсас немесе іс жүзіндегі осындай салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер туралы осындай өзгерістерден кейін оларға сәйкес келетін уақыт кезеңі ішінде бір-бірін хабардар етіп отырады.

3 - б а п

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпнұсқа мәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынасында пайдаланғанда "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің заңдарына және халықаралық уағдаластықтарға сәйкес өзінің егеменді құқықтары мен заңдық хүкімін жүзеге асыратын және оның салық заңдары қолданылатын аймақты қамтиды;

б) "Қытай" термині Қытай Халық Республикасын білдіреді; географиялық мағынасында пайдаланғанда Қытайдың салық салуға байланысты заңдары қолданылатын оның аумақтық суларын және Қытай Халық Республикасының халықаралық құқыққа сәйкес теңіз түбінің және оның қойнауының ресурстарын және шектесетін сулардағы ресурстарды зерттеу және игеру жөніндегі егеменді құқықтары бар оның аумақтық суларынан тыс кез келген алаңды қоса, Қытай Халық Республикасының бүкіл аумағын білдіреді;

с) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері түпнұсқа мәтініне қарай Қытайды немесе Қазақстанды білдіреді;

д) "салық" термині түпнұсқа мәтініне қарай Қазақстан салығын немесе Қытай салығын білдіреді;

е) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

ф) "компания" термині салық мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпоративтік бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

г) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің

кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

(i) "халықаралық тасымал" термині теңіз, әуе кемелері немесе жер көлігі тек қана екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бекеттері арасында пайдаланылатыннан басқа жағдайларда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз, әуе көлігімен немесе жер көлігімен жүзеге асырылатын кез келген тасымалды білдіреді;

j) "құзыретті орган" термині Қазақстан жағдайында Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін және Қытай жағдайында Мемлекеттік Салық Әкімшілігін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді қолданғанда, онда айқындалмаған кез келген термин, егер мәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша ол осы кезде қандай мағынада болса, сондай мағынаға ие болады.

4 - б а п

Резидент

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині сол Мемлекеттің заңдары бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, бас офисінің орналасқан жері, басқару орны немесе кез келген осындай өлшемі негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді.

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі былай анықталады:

a) ол өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның билік етуінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол мейлінше тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде біреуінде тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

d) егер әрбір Мемлекет оны өзінің азаматы деп санаса немесе егер ол олардың біреуінің де азаматы болып табылмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті

органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке адамнан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

5 - б а п

Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды:

а) басқару орнын;

б) бөлімшені;

с) кеңсені;

д) фабриканы;

е) шеберхананы; және

ф) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымаларын, кеніш немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез келген басқа орынды қамтиды.

3. Сондай-ақ "тұрақты мекеме" терминіне кіретіндер:

а) егер мұндай алаң, объект немесе қызмет 12 айдан астам уақыт бойы жалғасатын болса ғана, құрылыс алаңы, ғимарат, монтаждау немесе құрастыру объектісі не оларға байланысты қадағалау қызметі;

б) егер мұндай пайдалану 12 айдан астам жалғасса, табиғи ресурстарды барлау, пайдалану немесе тасымалдау үшін пайдаланылатын қондырғы, бұрғылау қондырғысы немесе кеме; және

с) кәсіпорын осындай мақсаттар үшін жалдаған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы кәсіпорынның консультациялық қызметтерін қоса, бірақ егер мұндай сипаттағы әрекет елдің шегінде жалпы алғанда 12 айдан астам жалғасса, (осындай немесе соған байланысты жоба үшін) қызмет көрсетуді.

4. Осы баптың алдындағы ережелерге қарамастан, "тұрақты мекеме" термині:

а) құрылыстарды, кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру үшін ғана ұстауды;

f) тұрақты қызмет орнын осындай амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын а)-тармақшасынан е)-тармақшасы қоса көрсетілген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтиды деп қаралмайды.

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет етсе және кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттікті әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты алғашқы айтылған Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, бірақ осылай тұлғаның 4-тармақта көрсетілген тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызметпен шектелетін жағдай бұған қ о с ы л м а й д ы .

6. Делдал, бас комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызмет шеңберлерінде әрекет еткен жағдайда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды. Алайда, осындай агенттің қызметі толығымен немесе толығымен дерлік жүзеге асырылса, осы кәсіпорынның атынан осы тармақтың мағынасында мәртебесі тәуелсіз агент болып саналмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не басқа жолмен) компанияның бақылауы немесе бақылау фактісі өзімен өзі осы компаниялардың бірін басқасының тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6 - б а п

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алынған табысты қоса) осы екінші Мемлекетте салық с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узурфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа табиғи ресурстарды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді

төлемдерге арналған құқықтарды және жоғарыда аталғандарды игеру құқығын қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табысқа қатысты қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7 - б а п

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы, осындай кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігінде ғана.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті айналысатын болса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге, егер нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысқан, оқшау және жеке кәсіпорын болғанда, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе кез келген басқа жерде жұмсалған-жұмсалмағанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қоса алғанда, тұрақты мекеменің кәсіпкерлік қызметінің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады. Сонда да тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисіне немесе басқа офистерінің кез келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақылар немесе басқа да ұқсас төлемдер арқылы немесе көрсетілген ерекше қызметтер немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу жолымен немесе банктік ұйымның жағдайларынан басқа, тұрақты мекемеге ұсынылған несие үшін проценттер төлеу жолымен төлеген кез келген (іс жүзіндегі шығындарды өтеуге берілгеннен өзге) сомаға қатысты осындай шегеруге рұқсат етілмейді. Осылайша, тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа офистерінің кез келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақылар немесе басқа да ұқсас төлемдер арқылы немесе көрсетілген ерекше қызметтер немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу жолымен немесе банктік ұйымның жағдайларынан басқа, кәсіпорынның бас офисіне ұсынылған несие

үшін проценттер төлеу жолымен ұсынатын (іс жүзіндегі шығындарды өтеуге берілгеннен өзге) сома есепке алынбайды.

4. Әдетте Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорынның жалпы пайдасын оның әртүрлі бөлімшелері бойынша үлесті бөлу негізінде айқындалатын болса, 2-тармақта ештеңе де осы Уағдаласушы Мемлекетте әдетте қабылданғанындай осылай бөлу арқылы салық салынатын пайданы айқындауға тиым салмайды; алайда тандап алынған үлесті бөлу әдісі осы Бапта айтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуы негізінде ғана осы тұрақты мекемеге әлдеқандай пайда есептелмейді.

6. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса жылма-жыл біркелкі тәсілмен айқындалады.

7. Егер, пайда осы келісімнің басқа баптарында бөлек айтылатын табыс түрлерін қамтитын болса, онда ол баптардың ережелері осы баптың ережелеріне қатысты болмайды.

8 - б а п

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда теңіз, әуе кемелерін немесе жер көлігін пайдаланудан алған табыстарына тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері пульға, бірлескен кәсіпкерлік қызметке немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудағы пайдаға қолданылады.

9 - б а п

Қауымдасқан кәсіпорындар

1 . Е г е р

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

б) сол бір тұлға бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қарым-қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндей болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынас тәуелсіз кәсіпорындардың арасында жасалатын жағдайлардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасайды. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған ретте бір-бірімен кеңесуі керек.

1 0 - б а п

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай дивидендтерге, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің іс жүзіндегі иесі болып табылса, онда осылайша алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы шектеуді қолдану тәсілін өзара келісім бойынша белгілейді.

Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қ о з ғ а м а й д ы .

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысу құқын қоса алғанда, сондай-ақ пайданы бөлетін компанияның резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салық реттеуіне жататын компанияға қатысудың басқа да корпоративтік құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, онда 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Мемлекет, мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе

өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базамен байланысты болатын жағдайлардан басқа, осы компания төлейтін дивидендтерге кез келген салықтарды сала алмайды, егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Мемлекетте туындайтын пайдадан немесе табыстан толық не болмаса ішінара тұрған күннің өзінде де бөлінбеген пайдаға салық сала алмайды.

6. Осы Келісімдегі ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекетке пайдаға салынатын салыққа қосымша ретінде осы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасына, егер осындай қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салуға ұшырамаған осындай пайда сомасының 5 процентінен аспаса, қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда одан тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте өндіріп алынатын осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше, барлық салықтарды шегергеннен кейін айқындалады.

1 1 - б а п

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы проценттердің нақты иесі болып табылса, онда осылай алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы шектеуді қолдану тәсілін өзара келісім бойынша белгілейді.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, жергілікті өкімет органдар және оның Орталық банкі немесе осы екінші Мемлекеттің Үкіметіне толық тиесілі кез келген қаржы мекемесі немесе осы екінші Мемлекеттің кез келген басқа резиденті осы екінші Мемлекеттің Үкіметі, жергілікті өкімет органы және оның Орталық банкі немесе осы екінші Мемлекеттің Үкіметіне толық тиесілі кез келген қаржы мекемесі жанама қаржыландыратын борыштық талаптарға қатысты алатын проценттер алғашқы айтылған Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген борыштық талаптардың кез келген түрінен алынған табысты және атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақытылы төленбеген төлемдерге салынатын айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде

қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып , проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты проценттер төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер, төлеуші осы Мемлекеттің Үкіметі, жергілікті билік органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оларға байланысты олар бойынша проценттер төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады деп саналады.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты проценттердің сомасы проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігін осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

1 2 - б а п

Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы м ү м к і н .

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ алушы роялтидің нақты иесі болып табылса, онда осындай тәсілмен алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы шектеуді қолдану тәсілін өзара келісім б о й ы н ш а б е л г і л е й д і .

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде әдебиет, өнер және ғылым шығармаларына, кинематографиялық фильмдерге немесе радио немесе теледидар үшін фильмдерге немесе пленкаларға, кез келген патентке, сауда маркасына, дизайнға

немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға болмаса процеске кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін өтеу ретінде алынатын кез келген түрдегі төлемдерді б і л д і р е д і .

4. Егер, роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, жергілікті өкімет органы немесе осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти осы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу жөніндегі міндеттемесінің пайда болуына қатысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялтиді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен нақты иеленуші арасында немесе сол екеуі мен қандай да болмасын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болуы салдарынан пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда төлеуші мен нақты иеленуші арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

1 3 - б а п

Капитал құнының өсімінен алынатын табыстар

1. 6-бапта айқындалғандай және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін осындай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе тұтастай кәсіпорнымен

қоса) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен айырудан алынатын осындай табыстарды қоса алғанда, бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базасына қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелерін немесе жер көлігін немесе осындай теңіз, әуе кемелерін немесе жер көлігін пайдалануға байланысты жылжитын мүлікті иеліктен айырудан алынатын табыстарға теңіз, әуе кемелерін немесе жер көлігін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Мүлкі негізінен тікелей немесе жанама түрде Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын компанияның капиталындағы акцияларды иеліктен айырудан алынатын табыстарға осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. 1-4-тармақтарда айтылғандардан өзге кез келген мүлікті иеліктен айырудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен айырушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

1 4 - б а п

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметтер көрсетуге қатысты алған табысқа, осындай табыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін мынадай шарттардың бірін қоспағанда, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады:

а) егер оның осындай қызметтерді жүзеге асыру үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүйелі түрде ие болып отырған тұрақты базасы болса; бұл жағдайда осы тұрақты базаға жататын табысының бөлігіне ғана осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

б) егер ол тиісті күнтізбелік жылы жалпы алғанда 183 күн болып есептелетін немесе одан асатын кезең немесе кезеңдер ішінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте болса; бұл жағдайда оның осы басқа Мемлекеттегі қызметінен алынған табысының бөлігіне ғана осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз жеке қызметін қамтиды.

1 5 - б а п

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16, 18, 19, 20 және 21-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған жалақыға, еңбекақыға және осы сияқты басқа да сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші

Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте жалданып жұмыс істеуіне байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер:

а) алушы тиісті күнтізбелік жылы жиынтығында 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы екінші Мемлекетте жүрсе;

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыны жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе салық тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады.

3. Осы баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, әуе кемесінің немесе жер көлігінің бортында орындалатын жалдау жөніндегі қызметке байланысты алынған сыйақыға резиденті теңіз, әуе кемесін немесе жер көлігін пайдаланатын кәсіпорын болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

1 6 - б а п

Директорлардың қаламақылары

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1 7 - б а п

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер артист немесе спортшы өзінің осы сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысы артистің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, артистің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың алдыңғы баптарына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің Үкіметтері арасында мәдени алмасу жоспары шеңберінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын артистің немесе спортшының екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын қызметінен алған табысы осы екінші Мемлекетте салық салудан босатылады.

1 8 - б а п

Зейнетақылар

1. 19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жалдау жөніндегі бұрынғы жұмысын жүзеге асырғаны үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай төлемдерге тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе жергілікті өкімет органдары осы Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің қоғамдық әл-ауқаты жобасы шеңберінде төлейтін зейнетақыларға және басқа да осындай төлемдерге тек осы Мемлекетте салық салынады.

1 9 - б а п

Мемлекеттік қызмет

1. а) Жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе оның жергілікті өкімет органы мемлекеттік сипаттағы функцияларды орындау кезінде осы Мемлекеттің Үкіметі немесе оның жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асырылатын қызметке қатысты төлейтін зейнетақыдан басқа, сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, осындай сыйақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте, егер қызмет осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылса және осы екінші Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе
(ii) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған жағдайда салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе жергілікті өкімет органы төлейтін немесе салымдарды олар жеке тұлғаға осы Мемлекеттің Үкіметі немесе жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметке қатысты жүзеге асыратын қорлардан төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, осындай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте, егер жеке тұлға осы екінші Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса салық салынады.

3. 15, 16, 17 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе оның жергілікті өкімет органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты төленетін сыйақыға және зейнетақыларға қолданылады.

2 0 - б а п

Оқытушылар мен зерттеушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке барардың алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте университетте, колледжде, мектепте немесе бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі ресми түрде таныған оқу орнында немесе ғылыми-зерттеу

институтында оқыту, лекция оқу немесе ғылыми зерттеу жүргізу негізгі мақсатымен жүрген жеке тұлға осындай оқыту, лекция оқу немесе зерттеулер жүргізу мақсатымен алатын сыйақы бірінші аталған Мемлекетке өзі алғаш рет келген күннен бастап 3 жыл бойы бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

2. Егер зерттеулер қоғам мүддесі үшін емес, негізінен нақты тұлғаның немесе тұлғалардың жеке пайдасы мақсатында жүргізілсе, осы баптың 1-тармағының ережелері зерттеу нәтижесінде алынған табысқа қолданылмайды.

2 1 - б а п

Студенттер және тағылымдамадан өтушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болған және тікелей болып табылған және алғаш аталған Мемлекетте білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында жүрген студент немесе тағылымдамадан өтуші өзінің өмір сүру, білім алу және тағылымдамадан өту мақсаты үшін алатын төлемдеріне, мұндай соманың төлем көздері осы Мемлекеттен тыс жерде орналасқан жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. 1-тармақта көзделмеген гранттарға, стипендияларға және жалдау бойынша жұмыстарға байланысты сыйақыларға қатысты 1-тармақта айтылған студент, тағылымдамадан өтуші немесе машықтанушы білім алу немесе тағылымдамадан өту кезінде ол тұрып жатқан Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты осындай босатуға, шегерімге немесе төмендетуге құқылы.

2 2 - б а п

Басқа да табыстар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған табыс түрлеріне олардың қайда пайда болғанына қарамастан, тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын төмендегі табыстарды алушы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне байланысты табыс алынған құқық немесе мүлік осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 6-баптың 2-тармағында айқындалғандай, жылжымайтын мүліктен алынған табыстан өзге табысқа 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай кезде жағдайға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

2 3 - б а п

Қосарланған салық салуды болдырмау әдістері

1. Қазақстанда қосарланған салық салу былайша жойылады:

а) Егер Қазақстан резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қытайда салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осы резиденттің табысынан алынатын салықтан Қытайда төленген табыс салығына тең соманы шегеруге рұқсат етеді. Жоғарыда

келтірілген ережеге сәйкес шегерілетін салық сомасы Қазақстанда онда қолданылып жүрген ставкалар бойынша дәл осындай табысқа есептелуі мүмкін салықтан аспауы тиіс.

б) Егер Қазақстан резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қытайда ғана салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстанда салық салуға ұшыраған осындай басқа табысқа салық ставкасын белгілеу мақсаттары үшін ғана Қазақстан осы табысты салық салу базасына енгізуі мүмкін.

2. Қытайда қосарланған салық салу былайша жойылады:

Егер Қытай резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстанда төленуге жататын табысқа салынатын салық сомасына Қазақстанда табыс алса, осы резиденттен алынатын қытай салығының есебіне шегерім жасалуы мүмкін. Алайда, шегерім сомасы Қытайдың салық заңдарына және шарттарына сәйкес есептелген осындай табысқа салынатын қытай салығының сомасынан аспауы тиіс.

2 4 - б а п

Кемсітпеу

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары дәл осындай жағдайларда ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салу және онымен байланысты міндеттемелерге қарағанда, өзгеше немесе неғұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе кез келген онымен байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауы тиіс. Осы ереже, 1-баптың ережелеріне қарамастан, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті емес тұлғаларға қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметпен айналысатын осы екінші Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда осы екінші Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне олардың азаматтық мәртебесі немесе өзінің резиденттеріне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу бойынша қандай да бір жеке жеңілдіктер, ұстап қалулар мен шегерімдер беруге міндеттейтін ретінде пайымдалмауы тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының, 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

4. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе тікелей не жанама түрде бақыланатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан және осымен

байланысты міндеттемелерден өзгеше болмаса анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

2 5 - б а п

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етеді немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның жағдайы 24-баптың 1-тармағына қатысты болса, өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті орынды деп есептесе және егер ол өзі қанағаттандырыллық шешімге келе алмаса, Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылатын болады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды болдырмау мақсатында бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы 2 және 3-тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер бұл келісімге қол жеткізу үшін орынды болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері ауызша пікір алмасу үшін кездесе алады.

2 6 - б а п

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін немесе салық салу осы Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін, атап айтқанда, осындай салықтардан жалтаруды болдырмау үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез келген ақпарат құпия болып есептеледі және Келісімде көзделетін салықтарға қатысты шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарын қоса алғанда)

хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар бұл ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде жария ете алады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін жария етуі мүмкін ақпарат немесе жария етілуі мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайдаланылмауы тиіс.

2 7 - б а п

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Келісімнің ешқандай ережесі дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары берген немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

2 8 - б а п

Күшіне енуі

Осы Келісім осы Келісімді күшіне енгізу үшін әрбір елге қажетті ішкі заңдарда көзделген рәсімдердің аяқталғаны туралы көрсететін дипломатиялық ноталар алмасқан күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді. Осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі бірінші қаңтардан бастап немесе кейін басталатын салық салынатын жыл ішінде алынатын табысқа қатысты осы Келісім қолданылатын болады.

2 9 - б а п

Күшін тоқтату

Осы Келісім белгісіз мерзімге күшінде қалады, бірақ Уағдаласушы Мемлекеттердің кез келгені осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл кезең өткеннен кейін басталатын кез келген күнтізбелік жылдың отызыншы маусымына дейін қоса алғанда дипломатиялық арналар арқылы басқа Уағдаласушы Мемлекетке әрекетінің тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлама жібере алады. Мұндай жағдайда осы Келісім әрекетінің тоқтатылғандығы туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе кейін басталатын салық жылы ішінде алынған табысқа қатысты өзінің әрекетін тоқтатады.

Қол қоюға тиісті түрде уәкілеттік алғандар осыны куәландыру ретінде осы Келісімге қол қойды.

Астана қаласында 2001 жылғы 12 қыркүйекте қазақ, қытай және ағылшын

тілдерінде екі дана етіп жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндерде алшақтық пайда болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болады.

Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ ы т а й Х а л ы қ
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

(РҚАО-ның ескертуі: бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген)

**Қазақстан Республикасындағы
Республикасының
N 012/2003**

**Қытай Халық
Елшілігі**

Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Елшілігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өз құрметін білдіретіндігін айғақтайды және ҚР СІМ 2002 жылғы 7 тамыздағы 09/1-01/161 нотасына жауап ретінде қытай тарапы 2001 жылғы 12 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтініндегі орфографиялық сипаттағы қателерді түзету туралы ұсынысымен келісетіндігін хабарлауды мәртебе санайды. Осы нота және ҚР СІМ жоғарыда көрсетілген нотасы ҚХР мен ҚР Үкіметтерінің арасында осы нотаны жіберген күнінен бастап күшіне енетін және осы келісімнің құрамдас бөлігі болатын жоғарыда көрсетілген Келісімге өзгеріс енгізу туралы уағдаластық болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Елшілігі қолайлы сәтті пайдаланып, Қазақстан Республикасының СІМ-не өзінің ең жоғарғы құрметін білдіретініне кәміл сендіреді.

Алматы қаласы 2003 жылғы 14 қаңтар

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Сыртқы істер министрлігіне

Астана қаласы